

**Тараз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, арналған тарифтерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 ақпандағы № 42-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 ақпанда № 4107 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 3-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 26.03.2021 № 3-6 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 болып тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14285 болып тіркелген) сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тараз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Тараз қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тараз қалалық мәслихатының коммуналдық-шаруашылық, көркейту, қоршаған ортаны сақтау және жер қатынастары жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тараз қалалық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Тараз қалалық  
мәслихатының хатшысы

А. Джузанов

Б. Кулекеев

Тараз қалалық мәслихатының  
2019 жылғы 15 ақпандағы  
№ 42-7 шешіміне 1-қосымша

## Тараз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық қор жиналған коммуналдық қалдықтар, м3/1бірлік	Жылдық қор жиналған коммуналдық қалдықтар, кг/1бірлік
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,985	197
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,053	200
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,706	120
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,197	57
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,110	222
6	Емханалар	1 келіп кету	0,010	2,6
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,920	230
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,060	13,2
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратынын	0,375	112,5
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратынын	0,667	100
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,200	30
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,682	150
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	1,000	150

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,433	112,5
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,069	15
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,100	15
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,175	35
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,233	35
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,360	72
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,625	125
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,075	15
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,750	112,5
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,125	225
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,250	450
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	1,125	225
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,250	450
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,206	72
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,360	72
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	1,250	250
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,360	72
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	2,250	450
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,000	300

Тараз қалалық мәслихатының  
2019 жылғы 15 ақпандағы  
№ 42-7 шешіміне 2-қосымша

## Тараз қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, арналған тарифтері

№	Атауы	1 кг үшін тариф
1	Жеке тұлғалар үшін	5,14
2	Барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерліктерге	5,64

3	Жеке тұлғалар және барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерліктер үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату	1,25
---	--	------

Ескерту: 1 тұрғынға бір айда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және кәдеге жарату үшін қызмет құны - 84,4 теңге (ҚҚС-сыз).

Тарифтер қосымша құн салығынсыз көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК